

**Оқушылардың «Жайық-Урал 2018» туристік-экологиялық
экспедиция отрядтарының облыстық слетінің
ЕРЕЖЕСІ**

Мақсаты

Туристік-өлкетану қызметі арқылы экологиялық білімін көтеру және экологиялық мәдениетті, сауатты жастарды тәрбиелеу.

Міндеттері

- экологиялық және табиғатты қорғау қызметін насихаттау;
- туристік - экологиялық слетте дарынды және шығармашылықпен айналысатын балаларды анықтау;
- өсімдіктер мен жануарлар әлемін қорғау және сақтау, практикалық дағдыларын қалыптастыру;
- зерттеу қызметінің тәсілдерін меңгерту.

Өткізілетін орны және уақыты

Экспедициялық отрядтардың облыстық слеті 2018 жылдың 31 қазан – 2 қараша аралығында «Евразия» туристік сауықтыру кешенінің базасында өтеді.

Слетке қатысушылар

Облыстық слетке «Жайық-Урал 2018» туристік-экологиялық экспедициясының Жайық өзенінің сужорығына, «Орал өңірінің кіші өзендері» экологиялық-өлкетанулық экспедициясына, сонымен қатар экологиялық акцияларға қатысқан экспедициялық отрядтар қатыса алады (7 – 11 сынып оқушылары). Слетке қатысушылар саны 3-5 оқушы және 1 жетекші.

Іздестіру-зерттеу конференциясы

1. Оқушылардың «Жайық-Урал 2018» туристік-экологиялық экспедициясының III кезеңінің қорытынды іздестіру-зерттеу баяндамасы (қағаз және электронды түрде) және слайд-фильм түрінде, баяндама - 14 шрифт Times New Roman 20 беттен кем болмау керек. Сонымен қатар фотосурет, карта сызбалармен, таблица және плакаттармен толықтырылуы керек. Баяндаманы бағалаудың негізгі шарттары: тақырыптың толық ашылуы, ғылыми көрнекілігі, біліктілігі, сөйлеу шеберлігі, далалық зерттеу материалының болуы, жағдайды жақсарту жөнінде жоспарлы жобаның болуы, қорытынды мен болжау. Баяндаманы топ болып қорғауға рұқсат етіледі (егер баяндамашы экспедицияға қатыспаса ұпайдан 50% төмендетіледі). Баяндаманың әр шарты 10 ұпаймен есептеледі. ЖҰ - 80 ұпай (БУ=7 мин).

2. «Жайық-Урал 2018» туристік-экологиялық экспедициясының қорытынды іздестіру-зерттеу баяндамасы «Орал өңірінің кіші өзендері» экологиялық-өлкетану экспедициясы (қағаз және электронды түрде) және слайд-фильм

түрінде, баяндама - карта сызбалармен, қажетті таблицалармен, фотосуреттер және плакаттармен толықтырылуы, қағаз және электронды түрде болуы тиіс. Бағалаудың негізгі шарттары: іздестіру – зерттеу жұмысы мамұнын ашу, көрнекілігі, өлкетанулық мазмұны, біліктілігі, көлемділігі 10 беттен аспау керек, жұмыстың нәтижесі есептеледі. Баяндаманы топпен қорғауға рұқсат етіледі (БУ= 7 мин) ЖҰ - 60 ұпай.

3. Экологиялық акциялардың өткізу қорытындысы бойынша тұсаукесер - баяндама («Орал өңірінің жасыл желкені», «Турист, өз ағашыңды отырғыз!», «Таза ауыл» (слайд). Топтар слайд түрінде аудан мектептерінде жүргізілген экологиялық акцияны өткізу барысын, оның нәтижесі мен ұсыныстарын жасап, көрсетеді. Келесі шарттар бойынша бағаланады: мектептерді практикалық жұмыспен қамтылуы, нәтижелігі, динамикалық (1-3 жылдық өзгеріс), жүйелігі, көрнекілігі. ЖҰ – 50 ұпай (БУ - 7 мин).

Ұсынылған жұмыстарға ой-пікір білдірілмейді және қайтарылмайды.

Байқау бағдарламасы

1. «Жайық-Урал» туристік-экологиялық экспедициясының маршруттары бойынша есептер байқауы. 2018 жылдың 29 қазан айына дейін қатысушылар І категориялы қиындықтағы Жайық – Урал маршруты бойынша қорытынды есептерін тапсыруы тиіс. Есептер келесі шарттар бойынша есептеледі: маршруттың техникалық жазбасы, есепті рәсімдеу сапасы, далалық зерттеу материалдары, өлкетану материалдары, маршруттық бет (дұрыс толтырылуы). ЖҰ - 60 ұпай.

Марапаттау

Жұлделі орын алған экологиялық отрядтар грамоталармен және сыйлықтармен марапатталады.

Қаржыландыру

Слетті ұйымдастыру мен өткізуге байланысты шығындарды ұйымдастырушылар өтейді. Слетке қатысушылардың тамақтану, орналасу, келу, қайту шығындарын іс-сапарға жіберген ұйымдар төлейді.